

ДОСААФ қарауындағы оқу орындарын, үйлерді, ғимараттар мен әскери-техникалық мұліктерді Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 12 шілде N 896. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1996.08.06. N 969 қаулысымен.

ДОСААФ қарауындағы барлық мұліктер жалпы мемлекеттік қаржылық және материалдық ресурстар есебінен құрылғанын, әскери-техникалық мұлік ДОСААФ-қа Әскери Күштерге арналған әскери-техникалық мамандар даярлау үшін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі желісі бойынша берілгенін ескеріп және ДОСААФ жеке меншік нысанындағы қоғамдық бірлестік болып табылатынын, ал "Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, еңбек ұжымдарының меншігіне көшуге, сатып алу-сату объектісі болуға жатпайтын әскери-техникалық мұлік, техника мен жабдықтар республикалық меншік болып табылатынын еске алып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті ДОСААФ-пен бірлесіп бір апта мерзімде 1-қосымшаға сәйкес әскери-техникалық мектептер мен клубтардың үйлерін, ғимараттары мен мұлқін олардың негізгі жабдықтарымен, оқу-материалдық және техникалық базасымен, сондай-ақ 2-қосымшаға сәйкес әскери-техникалық мектептер мен клубтардың мұлқін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің балансына берсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бір апта мерзімде Қарулы Күштерге арналған әскери-техникалық мамандардың оқу-материалдық базасы мен ұдайы даярлығын одан әрі жетілдіру үшін оқу ұйымдарын, үйлерді, ғимараттар мен мұлікті, сондай-ақ мектептер

мен клубтардың оқу-материалдық базасының мұлқін өз балансына қабылданап алсын.

3. Қабылданап алған әскери-техникалық мектептер мен клубтарды қаржыландыруды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне бөлінген бюджеттік қаражаттар шегінде жүзеге асырын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 12 шілдедегі
N 896 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне
беруге арналған оқу орындарының, олардың
үйлерінің, ғимараттары мен мұліктерінің

ТІЗБЕСІ

1. Ақтөбе автомобиль мектебі
2. Алматы біріккен техникалық мектебі
3. Атырау біріккен техникалық мектебі
4. Жамбыл біріккен техникалық мектебі
5. Қарағанды техникалық мектебі
6. Қостанай біріккен техникалық мектебі
7. Қекшетау автомобиль мектебі
8. Қызылорда автомобиль мектебі
9. Павлодар біріккен техникалық мектебі
10. Петропавл автомобиль мектебі
11. Семей біріккен техникалық мектебі
12. Талдықорған автомобиль мектебі
13. Орал автомобиль мектебі
14. Өскемен техникалық мектебі
15. Шымкент біріккен техникалық мектебі
16. Қарағанды авиация орталығы
17. Алматы әуе клубы
18. Щучье автомобиль мектебі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 12 шілдедегі
N 896 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне
беруге жататын оқу орындарының, мұліктің

ТІЗБЕСІ

1. Ақмола радиотехника мектебі
2. Ақмола техникалық мектебі
3. Ақмола авиациялық-спорт клубы
4. Ақтау радиотехника мектебі
5. Ақтөбе радиотехника мектебі
6. Атбасар автомобиль мектебі
7. Аягөз автомобиль мектебі
8. Балқаш автомобиль мектебі
9. Булаев автомобиль мектебі
10. Глубоков автомобиль мектебі
11. Жетіғара автомобиль мектебі
12. Зырян автомобиль мектебі
13. Қарағанды радиотехника мектебі
14. Теміртау автомобиль мектебі
15. Төлеби автомобиль мектебі
16. Түркістан автомобиль мектебі
17. Орал авиациялық-спорт клубы
18. Өскемен авиациялық-спорт клубы
19. Өскемен радиотехникалық мектебі
20. Өскемен теңіз мектебі
21. Шалқар автомобиль мектебі
22. Шелек автомобиль мектебі
23. Шымкент авиациялық-спорт клубы
24. Екібастұз автомобиль мектебі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК